

**Адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі N 1235 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 653 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.22 № 653 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі және "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесі б е к і т і л с і н .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 25 қыркүйектегі  
N 1235 қаулысымен  
бекітілген

**Адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесі**

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі және "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңдарына сәйкес әзірленген және адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту тәртібі мен шарттарын белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдар облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әділет департаменттері (бұдан әрі - Әділет департаменттері) құратын Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттайтын әділет комиссияларында (бұдан әрі - Адвокаттық қызметпен айналысу комиссиясы) аттестациядан өтеді.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдар Әділет департаменттері құратын Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттайтын әділет комиссияларында (бұдан әрі - Нотариаттық қызметпен айналысу құқығы комиссиясы) аттестациядан өтеді.

Адвокаттық қызметпен айналысу комиссиясы жеті мүшеден - адвокаттар алқасының төрағасын қоса алғанда, екі адвокаттан, әділет органдарының екі өкілінен, прокуратураның бір өкілінен, құқықтанушы-ғалымнан және мәслихат депутатынан тұрады.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына комиссия жеті мүшеден-нотариаттық палатаның төрағасын қоса алғанда, екі нотариустан, әділет органдарының екі өкілінен, прокуратураның бір өкілінен, құқықтанушы-ғалымнан және мәслихат депутатынан тұрады.

Адвокаттық қызметпен айналысу және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына комиссиялардың (бұдан әрі - комиссиялар) дербес құрамдары көрсетілген мемлекеттік органдардың, адвокаттар алқасының және нотариаттық палаталардың ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бір жыл мерзімге бекітіледі.

Комиссиялардың жұмыс регламенті Қазақстан Республикасы Әділет

министрінің бұйрығымен бекітіледі.

Комиссиялардың қызметін бақылауды уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (бұдан әрі - Комитет) жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында емтихан тапсырған адамдар, тұрақты судьялар және теріс қылықтар жасағаны және өз міндеттерін орындау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін судья қызметінен босатылған судьялардан басқа тұрақты судьялар болып жұмыс істеген адамдар, сондай-ақ мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар) аттестациядан өтпейді.

Сондай-ақ теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылғандарды қоспағанда, прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алуға ниет білдірген прокурорлар, тергеушілер және анықтаушылар аттестаттауға жатпайды.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

3. Аттестация екі кезеңнен тұрады:

- 1) заңнаманы білуіне компьютерлік тест тапсыру;
- 2) үміткердің білімін емтихан билеттері бойынша тексеру.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.03.21. N 347 , өзгерту енгізілді - 2006.06.02. N 495 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.**

## **2. Аттестациядан өту үшін құжаттарды қабылдау**

4. Адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам өзін аттестацияға жіберу туралы өтінішті тұрғылықты жері бойынша Әділет департаменттері арқылы тиісті Комиссияға жолдайды.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) фотосуреті бар жеке іс парағы;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі ;
- 3) жоғары заң білімі туралы дипломның нотариалды куәландырылған көшірмесі ;
- 4) үміткердің жергілікті жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамалар;
- 5) бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің

тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқ екендігі туралы а н ы қ т а м а .

Үміткер Комиссия отырысына келген кезде оның жеке басын куәландыратын құжат (паспорт не жеке куәлік) өзінде болуы тиіс.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) Қаулысымен .**

5. Комиссияға келіп түскен материалдар олар келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей қаралады.

Осы Ереженің 4-тармағында көзделген құжаттар берілмеген не тиісті ресімделмеген жағдайда, үміткердің өтініші қаралмайды және келіп түскен күннен бастап 5 күннен кешіктірілмей өтініш берушіге қайтарылады.

### **3. Аттестацияны өткізудің тәртібі мен шарттары**

6. Аттестацияға " Адвокаттық қызмет туралы " не " Нотариат туралы " Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына (нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер үшін тағлымдамадан өту туралы талаптардан басқа) сай келетін Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі.

Үміткердің заңнамалық кесімдермен қойылатын талаптарға сәйкестігін немесе сәйкессіздігін тексеру мақсатында Комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша Комиссия мүшелерінің бірі аттестациялық іс материалдарын зерделейді , Қорытынды жасайды және Комиссияға ұсынады.

7. Аттестациялық іс материалдарын қарау қорытындылары бойынша Комиссия аттестацияға жіберу туралы не жіберуден бас тарту туралы уәжді ш е ш і м ш ы ғ а р а д ы .

8. Егер үміткер заңнамалық кесімдермен белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, аттестациялауға жіберуден бас тартылуы мүмкін.

Аттестациялауға жіберуден бас тартылған жағдайда Комиссия азаматқа шешім шығарылған күннен бастап 15 күннен кешіктірмей заңнама нормаларына сілтеме жасай отырып, уәжді шешімді беруге міндетті.

Аттестациялауға жіберуден бас тарту заңнамамен белгіленген тәртіппен сотқа ш а ғ ы м д а л у ы м ү м к і н .

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.19. N 64 қаулысымен .**

9. Аттестациялауға жіберілген үміткер аттестациялау өтетін орын, күні және уақыты туралы, оны өткізгенге дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей, аумақтық әділет органдары арқылы хабардар етіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.01.19. N 64**

## қ а у л ы с ы м е н .

10. Комиссия аттестациялауды қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кеміне бір рет жүргізеді.

Комиссиялардың отырысы ашық және жария өткізіледі. Комиссиялардың отырыстарына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуға құқылы.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.07 N 518, 2006.06.02 N 495 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2011.07.01 № 752 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

11. Аттестацияға жіберілген үміткер қолданыстағы заңнаманы білуіне тестілеуден өтеді.

Комиссия тестілеуді өткізудің адалдығын, шарттарының, уақытының, қорытындыларын есептеудің және мазмұнының стандарттылығын қамтамасыз етеді.

12. Тестілеу барысында өзінің мазмұны және көлемі бойынша әртүрлі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын білу тестілері адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер үшін бөлек қолданылады.

Тестілерге кіретін сұрақтар тізбесі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі. Үміткерлердің білімін бағалауға арналған сұрақтар тиісті кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық салалары мен пәндерінің тақырыптарына сәйкес келуі тиіс. Тестілерде жауаптардың біреуі дұрыс болатын кемінде үш нұсқасы болуы тиіс.

Адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлерді тестілеу бөлек жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Үміткер өз қалауы бойынша тестілеуден мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде өтуге құқылы.

Бұл ретте үміткер өз қалауын жазбаша растауы тиіс.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.19. N 64 қаулысымен.

14. Үміткерлер аттестацияны өткізу тәртібімен, үміткерлерді іріктеу рәсімінің ұзақтығымен және мазмұнымен алдын ала таныстырылуы тиіс.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.02. N 495 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

15. Тестілеу компьютер техникасын пайдалана отырып өткізіледі. Тестілеуге бөлінген уақыт тоқсан минутты құрайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) Қаулысымен .

16. Тестіленудің алдында үміткер тестілеуден өту жөнінде егжей-тегжейлі н ұ с қ а у а л а д ы .

Тестілеуден өту кезінде үміткердің анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиетті, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануына жол берілмейді.

Үміткер көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда ол тестілеуден а л а с т а т ы л а д ы .

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.03.21. N 347 қ а у л ы с ы м е н .

17. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу пайдаланылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен өздігінен жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басылады және үміткерге жеке қол қойдыру жолымен танысу үшін ұ с ы н ы л а д ы .

Тестілеу нәтижелері бар қағаздың бір данасы үміткерге тапсырылады, екіншісі Комиссияға беріледі.

18. Егер ұсынылған жүз сұрақтан дұрыс жауаптардың саны жетпіс және одан көп болса, үміткер тестілеуден өтті деп саналады және екінші кезеңге жіберіледі.

Егер ұсынылған жүз сұрақтан дұрыс жауаптардың саны жетпістен аз болса, үміткер тестілеуден өтпеді деп саналады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) Қаулысымен .

19. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.03.21 N 347 қаулысымен.

19-1. Үміткердің білімін емтихан билеттері бойынша тексерген кезде өзінің мазмұны бойынша әртүрлі билеттер, адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер үшін жеке-жеке п а й д а л а н ы л а д ы .

Билеттер Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі . Үміткерлердің білімін бағалауға арналған сұрақтар тиісті кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық салалары мен пәндерінің тақырыптарына сәйкес келуі тиіс. Билеттерде үш сұрақтан болуға тиіс.

Адвокаттық қызметпен айналысуға не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер үшін емтихан билеттері бойынша білімін тексеру бөлек жү р г і з і л е д і .

Ескерту. 19-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) Қаулысымен .

19-2. Аттестаттау билеттері Әділет департаменттерінің мөрімен бекітілетін  
к о н в е р т т е р г е с а л ы н а д ы .

Аттестаттау билеттері салынған конверттерді Комиссияның төрағасы  
аттестацияда аттестатталушылардың және Комиссия мүшелерінің қатысуымен  
а ш у ғ а т и і с .

Ескерту. 19-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) Қаулысымен .

19-3. Емтихан билеттерінің сұрақтарына жауап беру үшін аттестацияланушының дайындалуына 10 минуттан аспайтын уақыт беріледі.

Аттестацияланушы ауызша айтқан баяндаған және түсініктеме берген сұрақтарға аттестацияланушының берген жауаптарының дұрыстығын Комиссия мүшелері бес баллдық жүйе бойынша бағалайды. Комиссияның әрбір мүшесі аттестацияланушының (басқалардан тәуелсіз) жауаптарын бағалайды.

Екінші кезеңнің қорытындылары бойынша төрағалық етуші Комиссия мүшелері ұсынған нәтижелерді есептейді, содан кейін жинақталады және Комиссияның барлық қатысушы мүшелерінің санына бөлінеді.

Комиссия мүшелерінің бағалары, сондай-ақ аттестацияланушының билет сұрақтары бойынша жинаған орташа баллдары Комиссияның хаттамасында көрсетіледі .

Ескерту. 19-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.02. N 495 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ) қаулысымен .

19-4. Егер жалпы орташа баллы кемінде төрт баллды құраған үміткер аттестациядан өтті деп саналады .

Сұрақтар бойынша төрт баллдан аз жинаған үміткер аттестациядан өтпеді деп с а н а л а д ы .

Ескерту. 19-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.02. N 495 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ) қаулысымен .

20. Тестілеу және/немесе емтихан сұрақтарына жауабының нәтижелері бойынша Комиссия осы Ережеге 1, 2-қосымшаларда белгіленген нысандар бойынша аттестациялау туралы не аттестацияламау туралы уәжді шешімді аттестация өткен күннен кейінгі күннен кешіктірмей шығарады.

Комиссиялардың аттестаттау туралы шешімдері ол шығарылған сәттен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.03.21. N 347 , 2006.06.02. N 495 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз ), 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) қаулыларымен .

21. Комиссияның шешімі екі данада жасалады, олардың біреуі аттестациялық

істе қалады, екіншісі - шешім шығарылған күні үміткердің талабы бойынша беріледі.

Комиссияның отырысында міндетті түрде хаттама жүргізіледі, онда отырыстың күні, уақыты мен өткізілетін жері, аттестацияланушының тегі, аты, әкесінің аты, тестілеу нәтижесі, емтихан билетінің нөмірі мен мазмұны, аттестацияланушының жауаптары, билет сұрақтары бойынша Комиссия мүшелерінің қойған бағалары және орташа баллдары, сондай-ақ Комиссияның шешімі көрсетіледі.

Комиссияның хаттамасына аттестацияға қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.19. N 64 , 2006.06.02. N 495 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

Комиссияның шешімі заңнамамен белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін.

22. Комиссияда аттестациядан өтпеген адам үш айдан ерте емес аттестацияға жіберу туралы өтінішпен Комиссияға қайта жүгінуге құқылы.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.01.19. N 64 , өзгерту енгізілді - 2002.03.21. N 347 , 2006.06.02. N 495 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

23. Дәлелді себептер бойынша аттестацияға келмеген үміткер, осы Ереженің 9-тармағында көзделген тәртіппен, Комиссияның келесі отырысына шақырылады.

Үміткер қайтадан келмей қалған жағдайда, оның өтініші қараусыз қалдырылады және оның ұсынған құжаттарымен бірге қайтарылады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.19. N 64 қаулысымен.

Адвокаттық	қызметпен	айналысуға	
не	нотариаттық	қызметпен	айналысу
құқығына	үміткер	адамдардың	
аттестациядан	өту	ережесіне	
1-қосымша			

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**Комиссияның нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерді аттестаттау туралы шешімі**



\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға

Хатшы

Мүшелері

\_\_\_\_\_ аттестатталсын деп шешті.

(Т.А.Ә)

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

### **Комиссияның адвокаттық қызметпен айналысуға үміткерді аттестаттау туралы шешімі**

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға

Хатшы

Мүшелері

\_\_\_\_\_ аттестатталсын деп шешті.

(Т.А.Ә)

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

Адвокаттық қызметпен айналысуға  
не нотариаттық қызметпен айналысу  
құқығына үміткер адамдардың  
аттестациядан өту ережесіне

2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 752 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### **Комиссияның нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткердің аттестациядан өтпегені туралы шешімі**

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға

Хатшы

Мүшелері

шешім шығарды

1. \_\_\_\_\_ аттестациядан өтпеді деп саналсын.  
( Т . А . Ә )
2. \_\_\_\_\_ Комиссияға нотариаттық қызметпен айналысу  
( Т . А . Ә )

құқығына аттестаттаудан өту үшін қайта жүгінуге құқылы.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

### **Комиссияның адвокаттық қызметпен айналысуға үміткердің аттестациядан өтпегені туралы шешімі**

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға

Хатшы

Мүшелері

шешім шығарды

1. \_\_\_\_\_ аттестациядан өтпеді деп саналсын.  
(Т.А.Ә)
2. \_\_\_\_\_ Комиссияға адвокаттық қызметпен айналысуға  
( Т . А . Ә )

аттестаттаудан өту үшін қайта жүгінуге құқылы.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы